

Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың және жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 қазандағы N 1553 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 қарашадағы N 996 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., N 42, 466-құжат):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғам қызметінің мәні мыналар болып анықталсын:

1) екінші деңгейдегі банктердің сыныпталған активтерін, олар бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді сатып алу және активтерді басқару;

2) қаражатты екінші деңгейдегі банктерге негізделген орналастыру және өзге қаржы ұйымдарына кредит беру." ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы N 1085 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарында:

"Қаржы секторын тұрақтандыру" деген бөлімде: он тоғызыншы абзацта "122 млрд. теңгеге" деген сөздер "70 млрд. теңгеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу" деген бөлімде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы жылжымайтын мүлік объектілерін екінші деңгейдегі банктерден сатып алатын болады, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау үшін екінші деңгейдегі банктерде қаражатты негізделген орналастыруды жүргізеді." ;

"Шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ

өнімдерін өндіру ұйымдарын қолдау" деген бөлім мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бесіншіден, "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы қаражатының бір бөлігі "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы мен "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы арасындағы Екінші деңгейдегі банктер мен лизингілік компаниялар арқылы өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингілік мәмілелерін қаржыландыру туралы келісімнің негізінде банктер мен лизингілік компаниялар арқылы қаржылық лизингке жабдықтар сатып алу үшін шағын және орта бизнес субъектілеріне кейіннен кредит беру мақсатында қаржы ұйымдарына кредит беруге бағытталады";

"Инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру" деген бөлім мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"Сондай-ақ "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы экономиканың нақты секторын қолдау мақсатында "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы мен екінші деңгейдегі банктер арасындағы Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамының қаражатын екінші деңгейдегі банктерге орналастыру туралы бас келісімнің және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы мен "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы арасындағы Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы инвестициялық жобаларға кейіннен кредит беру үшін "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамының "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына ұзақ мерзімді жеңілдікті кредит беруі туралы келісімнің негізінде өңдеуші өнеркәсіптегі кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін қаражатты екінші деңгейдегі банктерге негізделген орналастыруды және өзге қаржы ұйымдарына кредит беруді жүргізеді";

"Қорытынды" деген бөлімде:

бесінші абзацта "122 млрд. теңге" деген сөздер "70 млрд. теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы N 6 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және

қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:
 "Қаржы секторын тұрақтандыру" деген ІІ бөлімде:
 "Стресті активтер қорының банктердің күмәнді активтерін сатып алуы және оларды кейіннен басқаруы" деген 3-кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

3.	Стресті активтер қорының банктердің күмәнді активтерін сатып алуы және оларды кейіннен басқаруы			
	Ағымдағы шаралар			
3.1.	САҚ негізгі қызметінің меморандумын әзірлеу (САҚ Директорлар кеңесінің шешімімен САҚ меморандумын мақұлдау)	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, Қаржымині, ҚҚА	Үкіметке ақпарат	2009 жылғы қазан
3.3.	ЕДБ-мен банктердің САҚ сатып алатын стресті активтерін айқындау жөніндегі келіссөздер	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ	Үкіметке ақпарат	2009 жылғы қараша
3.4.	САҚ эмиссиялайтын ноталарға тәуекелдердің барабар деңгейін беру	ҚҚА	ҚҚА қаулысы	2010 жылғы қаңтар
3.5	ЕДБ-дан алынған ұсыныстарды бағалау және талдау үшін тәуелсіз консультанттарды тарту (активтерді бағалау, активтердің сыныптарын айқындау және консультанттардың оларды сатып алу бағасы (дисконт) жөніндегі ұсынымдары)	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	Үкіметке ақпарат	2009 жылғы қараша, желтоқсан
3.6	ЕДБ-ның стресті активтерді және олар бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді сатып алу ережесін әзірлеу (стресті активтерді және олар бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді сатып алудың нақты рәсімдерін белгілеу, Ережені САҚ Директорлар кеңесінің мақұлдауы)	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	Үкіметке ақпарат	2009 жылғы қазан, қараша
3.7	САҚ-тың облигациялық бағдарламасын мемлекеттік тіркеу	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ҚҚА	Үкіметке ақпарат	2010 жылғы қаңтар
3.8	САҚ облигацияларын шығару және ЕДБ-ның стресті активтерін және олар бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді сатып алу	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	Ай сайынғы негізде Үкіметке есеп	2010 жылғы қаңтардан бастап
3.9	САҚ активтерін құрылымдау және (кредиттік портфельді басқарудың кірістілігін қамтамасыз ету)	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	Тоқсан сайынғы негізде Үкіметке есеп	2010 жылғы мамырдан бастап

".

"Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу" деген ІІІ бөлімде:
 "Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі жаңа тетіктерді іске асыру" деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"3-1) "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы арқылы құрылысты аяқтауды қаржыландыру. "Global building contract" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласындағы "Сайран" мега ауданының, "Үш төбе" тұрғын үй кешенінің және Астана қаласындағы "Гранд Алатау" тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтауы "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамының 20 млрд. теңге сомасындағы мерзімді банктік салымын "Казкоммерцбанк" акционерлік қоғамына орналастыру арқылы оған мынадай шарттарда кредит беру жолымен жүзеге асырылатын болады:

- 1) орналастыру - бір жолғы, бір траншпен;
- 2) салым мерзімі - 20 (жиырма) жыл;
- 3) салым бойынша сыйақы ставкасы - жылдық 1 % (бір пайыз);
- 4) негізгі борыш бойынша жеңілдік кезеңі - 10 жыл; негізгі борышты төлеу - жеңілдікті кезең өткеннен кейін бірдей жылдық төлемдермен;
- 5) сыйақы бойынша жеңілдікті кезең - құрылыс кезеңіне; сыйақы төлеу - жеңілдікті кезең өткеннен кейін бірдей жарты жылдық төлемдермен.

Алматы қаласында "Тау Самал" тұрғын үй кешенінің бірінші кезегін салуды қаржыландыру "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы арқылы былайша жүзеге асырылатын болады "БТА Банкі" акционерлік қоғамының Алматы қаласындағы "Тау Самал" тұрғын үй кешені бірінші кезегі түріндегі кепілзат мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алынады және Алматы қаласындағы "Тау Самал" тұрғын үй кешенінің бірінші кезегінің құрылысын 10 млрд. теңге сомасына аяқтауды қамтамасыз ететін "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамына беріледі.;"

"Шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру ұйымдарын қолдау" деген IV бөлімде:
реттік нөмірі 1-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы қаражатының 2 млрд. теңге сомасындағы бір бөлігі банктер мен лизингілік компаниялар арқылы қаржылық лизингке жабдық сатып алуға кейіннен кредит беру мақсатында қаржы ұйымдарына кредит беруге бағыттталатын болады.;"

"Инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру" деген VI бөлімде:

"Тетіктері" мынадай редакцияда жазылсын:

"Тетіктері: жобаларды іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

- 1) энергетикалық жобалар;
- 2) халықтың жұмыспен қамтылуын қолдауға арналған инфрақұрылымдық жобалар;
- 3) өңдеуші өнеркәсіптегі кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру.

Осы бағыттар бойынша жобаларды іске асыру экономика үшін энергетикалық тапшылық проблемаларын шешеді және дағдарыс жағдайларында еңбек нарығын

тұрақтандырады әрі экономиканың нақты секторын қолдауды қамтамасыз етеді.

Экономикалық жағынан ақталатын инфрақұрылымдық жобалар бойынша операторлар "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның еншілес ұйымдары болады. Экономикалық жағынан ақталатын жобаларды қаржыландыру қарыз қаражатын және/немесе капиталдандыру түрінде республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат және/немесе бюджеттік кредиттер есебінен жүзеге асырылатын болады. Осы бағыттың шеңберінде Ұлттық қордан капиталдандыруға бөлінген қаражаттың 120 млрд. теңгесін жіберу ұйғарылып отыр, сондай-ақ "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамының 40 млрд. теңге мөлшеріндегі қаражаты пайдаланылатын болады. Жобаларды іріктеу мен қаражатты бөлуді "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның басқару органдары жүзеге асыратын болады.

Экономикалық жағынан ақталмайтын, бірақ әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымдық жобалар бойынша операторлар бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілері болады. Экономикалық жағынан ақталмайтын жобаларды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады."

2. Қоса беріліп отырған жобалар мақұлданын:

1) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы мен екінші деңгейдегі банктер арасындағы Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілерге кейіннен кредит беру үшін "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамының қаражатын екінші деңгейдегі банктерге орналастыру туралы бас келісім (бұдан әрі - Бас келісім);

2) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы мен "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы арасындағы Екінші деңгейдегі банктер мен лизингілік компаниялар арқылы өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингілік мәмілелерін қаржыландыру туралы келісім (бұдан әрі - Лизинг жөніндегі келісім);

3) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы мен "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы арасындағы Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы инвестициялық жобаларға кейіннен кредит беру үшін "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамының "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына ұзақ мерзімді жеңілдікті кредит беруі туралы келісім (бұдан әрі - ҚДБ жөніндегі келісім).

3. Қоса беріліп отырған екінші деңгейдегі банктердің тізбесі және "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы мен "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы екінші деңгейдегі банктермен Бас келісімнің ережелерінен туындайтын негізделген салымдарды орналастыру туралы шарттар жасасу үшін ақшалай қаражатты орналастыру лимиттері бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат

қоры" акционерлік қоғамы мен "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 9 қ а з а н д а ғ ы
N 1 5 5 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Екінші деңгейдегі банктердің тізбесі және "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы мен "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы екінші деңгейдегі банктермен Бас келісімнің ережелерінен туындайтын негізделген салымдарды орналастыру туралы шарттар жасасу үшін ақшалай қаражатты орналастыру лимиттері

	Ұйымның атауы	Орналастыру лимиттері (млрд. теңге)
1.	"БТА Банкі" АҚ	8
2.	"Казкоммерцбанк" АҚ	4
3.	"Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ	2
4.	"Альянс Банкі" АҚ	2
5.	"Темірбанк" АҚ	2
6.	Резерв	2
	Жиыны	20

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 9 қ а з а н д а ғ ы
N 1 5 5 3 қ а у л ы с ы м е н
мақұлданған
Жоба

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы мен екінші деңгейдегі банктер арасындағы Өндеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін "Стресті

активтер қоры" акционерлік қоғамының қаражатын екінші деңгейдегі банктерге орналастыру туралы N бас келісім

2008 ж. 11.11. N 2 сенімхат негізінде әрекет ететін Басқарушы директор, Басқарма мүшесі Қ.М. Әйтекенов тұлғасында бұдан әрі "Қор" деп аталатын "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және

Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы С.М. Арапова тұлғасында бұдан әрі "Салымшы" деп аталатын "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы және

Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Б.Т. Мұқышев тұлғасында бұдан әрі "Агент" деп аталатын "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы және

Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы _____ тұлғасында бұдан әрі "Банк" деп аталатын " _____ " акционерлік қоғамы, бірлесіп " Тараптар", ал әрқайсысы жеке-жеке "Тарап" деп аталатындар,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы N 1085 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын назарға ала отырып, өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікті талаптармен қолдау мақсатында осы Қаражатты орналастыру туралы бас келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты.

1. Пайдаланылатын терминдер

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі;

ЖКС (қарыз алушы) - "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өлшемдерге сәйкес анықталатын және осы Келісімнің N 1 қосымшасына сәйкес өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілері;

Салым - ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен Банкке Салымшыдан түсетін және осы Келісімнің талаптарына сәйкес ЖКС-ні қаржыландыруға арналған ақша;

Банктік салым шарты - Салымшы мен Банк арасында жасалатын ЖКС-ні одан әрі қаржыландыру үшін Салымшының Банкке ақша беруі жөніндегі азаматтық-құқықтық шарт;

Бағдарлама - Агенттің басқару органы белгілеген тәртіппен бекіткен Өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы;

Бағдарламаның қаражаты - өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін ЖКС-ні қаржыландыруға арналған және Салымшының қаражаты мен Банктің қаражатын қамтитын ақша қаражатының жиынтық мөлшері;

Жинақтаушы шот - Салымды есепке алу және оны Банктің жүйелері мен есептілігінде көрсету мақсатында Банктік салым шарты негізінде ашылған Банктегі Салымшының теңгемен банктік шоты. Салым бойынша Салымшыға сыйақы есептеу және төлеу үшін қосымша Банк Салымшыға жеке ағымдағы банктік шот ашуы мүмкін;

Қарыз (кредит) - осы Келісімнің және Банктік қарыз шартының/Кредит желісін ашу туралы келісімдердің талаптарына сәйкес Банк ЖКС-ге беретін ақша сомасы;

Қайта қаржыландыру - бұрын берілген қаражатты Бағдарламаның қаражатымен а у ы с т ы р у ;

Банктік қарыз шарты және/немесе Кредит желісін ашу туралы келісім және/немесе Банктік қарыз шартына немесе Кредит желісін ашу туралы келісімге Қосымша келісім - Бағдарлама қаражаты есебінен осы Келісімнің талаптарына сәйкес ЖКС-ге қарыз беру үшін Банк пен ЖКС арасында жасалатын азаматтық-құқықтық шарт;

Жұмыс күні - сенбі - жексенбіні немесе ресми мереке және демалыс күндерін қоспағанда, Банктер Қазақстан Республикасында өз қызметін жүзеге асыру үшін ашық б о л а т ы н к ү н ;

Ақшаны игеру - осы Келісімде және Банктік қарыз шарттарында/Кредит желісін ашу туралы келісімдерде көрсетілген мерзімде және талаптарда Бағдарлама қаражаты есебінен Банктің ЖКС-ге Қарыз беруі;

Еңсерілмес күш жағдаяты - Тараптардың кез келгенінің осы Келісім бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындау мүмкіндігінің болмау жағдаяттары (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: су тасқыны, жер сілкінісі, жарылыстар, дауылдар, індеттер, эпизоотиялар, дулей өрттер, ереуілдер, соғыс, көтерілістер, мемлекеттік органдардың ресми актілері). Бұл ретте еңсерілмес күш жағдаяттарының сипаты, әрекет ету кезеңі басталу, фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс;

ЖКС-нің қарызды нысаналы пайдалануы - Банкте, банктерде, басқа кредит ұйымдарында ЖКС бұрын алған қарыздарды қайта қаржыландыру, жаңа негізгі құралдарды сатып алу және жаңғырту, айналым қаражатын толтыру;

Банктің қаражатты нысаналы пайдалануы - Банктің осы Келісімде анықталған мақсатқа және талаптармен ғана Бағдарлама қаражаты есебінен ЖКС-ге Қарыз беруі;

Бағдарламаның қаражатын бастапқы игеру - осы Келісімде анықталған талаптарда және тәртіппен Қайта қаржыландыру мақсатына ғана Қарыздарды Келісімнің 2-бөлімінің 7-тармағында белгіленген мерзім ішінде Банктің беруі;

Бағдарламаның қаражатын қайталама игеру - босатылатын қаражат, яғни Бағдарлама қаражатын бастапқы игеру кезінде Банк бұрын берген Қарыздарды қайтару (ішінара/толық өтеу) нәтижесінде Банк алған қаражат есебінен Қарыздарды беру.

Бағдарламаның қаражатын қайталама игеру кезінде Қарыздар ЖКС-ге жаңа негізгі құралдарды сатып алу мен жаңғыртуға, айналым қаражатын толтыруға, сондай-ақ ЖКС қарыздарын қайта қаржыландыруға беріледі;

Комиссия - өз қызметін Агент жанында жүзеге асыратын Бағдарлама шеңберінде қаржыландыруға Банк мәлімдеген ЖКС жобаларын мақұлдау жөніндегі жұмыс комиссиясы. Комиссияның құқықтық мәртебесі мен өкілеттіктері Агенттің басқару органы бекітетін Комиссия туралы жеке ережемен белгіленеді;

АЕК - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін айлық есептік көрсеткіш.

2. Келісімнің мәні

1. Салымшы ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарында осы Келісімнің талаптарына сәйкес өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін ЖКС-ні Банктің қаржыландыруы үшін Банкке қаржы қаражатын (бұдан әрі - Салым) орналастырады.

2. Салым сомасы _____ теңгені құрайды.

3. Салым бойынша Салымшының сыйақы ставкасы жылдық 1 (бір) %-ды құрайды, оның жылдық 0,2 (нөл бүтін оннан екі) %-ы Агенттің сыйақысы.

4. Салым мерзімі - Салымшының Банктегі Жинақтаушы шотына ақша түскен сәттен бастап 84 ай.

5. Салым қаражаты Бағдарламаның және осы Келісімнің талаптарына сәйкес қаржыландыруға Банк мәлімдеген ЖКС жобаларының тізбесін Комиссия мақұлдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкке аударылады. Салымның өзге де жекелеген талаптары Банктік салым шартымен анықталады.

6. Банк Бағдарламаның қаражатынан осы Келісімде анықталған талаптарда ЖКС-нің қарыздарын қайта қаржыландырады және қаржыландырады. Бұл ретте Банк ортақ қаржыландыру талаптарында Бағдарламаны іске асыру үшін 30/70 қатынасында (30 % - Банк қаражаты, 70 % - Салымшының қаражаты) меншікті ақша қаражатын бөледі. Банктің ЖКС-ні қоса қаржыландыруға бөлетін сомасы _____ теңгені құрайды.

7. Банктің Бағдарламаның қаражатын бастапқы игеруі 2010 жылғы 10 (оныншы) сәуірден кешіктірілмей аяқталуы тиіс.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.13 N 1064 Қ а у л ы с ы м е н .

8. Агент осы Келісімнің шеңберінде осы Келісімнің талаптарын Банктің сақтауына мониторинг жүргізу және бақылау жөніндегі агенттік функцияларын жүзеге асырады. Агент Банкінің Салым сомасын қайтарғаны үшін жауаптылықта болмайды.

9. Қор осы Келісімнің шеңберінде Тараптардың қызметін жалпы үйлестіруді жүзеге

асырады және Бағдарлама мен осы Келісімнің талаптарын Салымшы мен Агенттің тиісті орындауын қамтамасыз етеді.

10. Салымның және Банк бөлетін қаражаттың валютасы теңге болып табылады.

11. Банк ЖКС-ні қайта қаржыландыру/қаржыландыру үшін ғана осы Келісімде көзделген қаражатты пайдалануға міндеттенеді. Банктің Бағдарламаның қаражатын өзге мақсаттарға пайдалануына болмайды.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын бекітудің тәртібі

1. Банк ЖКС өтінімдерін қарағаннан кейін нақты ЖКС-ні қайта қаржыландыру/қаржыландыру туралы алдын ала шешім қабылдайды және оны Комиссияның қарауына жібереді.

2. Кредит беру үшін Банк мәлімдеген жоба жөніндегі ақпаратты Банк осы Келісімнің N 2 қосымшасына сәйкес ЖКС-нің әрбір жобасы бойынша ақпараттық парақ (анкета) нысанында Комиссияның қарауына жібереді.

3. Комиссияның ЖКС жобаларын іріктеуінің басым өлшемдері мыналар болып табылады :

1) соңғы қаржы жылындағы өнім шығарудың ақша түріндегі көлемі;

2) соңғы қаржы жылында өндірілген өнімнен түскен түсімнің ақша түріндегі көлемі ;

3) соңғы қаржы жылында төленген салықтардың, алымдардың және мемлекеттік бюджетке төленетін өзге де төлемдердің көлемі;

4) ЖКС жұмыс орындарының саны.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қарызды берудің талаптары

1. Банк мына талаптарды орындаған кезде ғана ЖКС-ге Қарызды береді:

1) Бағдарламаның қаражатын бастапқы игеру кезінде (осы Келісімнің 2-бөлімінің 7-тармағында анықталған қаражатты игеру кезеңі ішінде) қарыздар осы Келісімде анықталған талаптарда және тәртіппен ЖКС-нің қолданыстағы қарыздарын қайта қаржыландыруға беріледі ;

2) Бағдарламаның қаражатын Қайталама игеру кезінде (осы Келісімнің 2-бөлімінің 7-тармағында анықталған қаражатты игеру кезеңі өткенде босатылған қаражат есебінен) қарыздар ЖКС-ге осы Келісімде анықталған талаптарда және тәртіппен жаңа негізгі құралдарды сатып алуға және жаңғыртуға, айналым қаражатын толықтыруға, сондай-ақ ЖКС қолданыстағы қарыздарын қайта қаржыландыруға беріледі;

3) Қарыз валютасы - теңге ;

4) кредит беру мерзімі - 84 айға дейін;

5) осы Келісімнің шеңберінде көзделген Қарыз бойынша Банк алдындағы бір ЖКС-нің негізгі борышы бойынша, сондай-ақ қаржыландыру көзі Агенттің қаражаты

болып табылатын барлық басқа қарыздар бойынша берешек қалдығының жалпы сомасы 750 000 000 (жеті жүз елу миллион) теңге мөлшеріндегі сомадан аспауы тиіс. Бұл ретте аффилиирленген тұлғалар тобында әрбір субъект (аффилиирленген топтың қатысушысы) дербес Қарыз алушы ретінде қаралады;

6) негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең - 24 (жиырма төрт) айға дейін;

7) ЖКС үшін сыйақының түпкі ставкасы жылдық 8,0 (сегіз) %-дан аспауы тиіс. Бұл ретте Банкке қарыз алғанына және оған қызмет көрсеткеніне байланысты ЖКС-ден қандай да бір комиссиялар мен алымдар өндіріп алуға тыйым салынады;

8) Банктің ЖКС-ге бланкілік Қарыздар беруіне болмайды;

9) Ж К С - г е :

Банк өтінімді қабылдаған немесе жобаны қаржыландыру сәтінде АЕК-тің 10 еселенген мөлшерінен асатын салықтар және мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі болғанда;

заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу мақсатына қарыздарды беруге б о л м а й д ы ;

10) Қарыздың қол жетімді кезеңі - Банктік қарыз шартын/Кредит желісін ашу туралы келісім жасасқан сәттен бастап 1 жылдан аспайды;

11) Бағдарламаның қаражаты шеңберінде қайта қаржыландыру/қаржыландыру мәніне ЖКС жобасын қарау кезінде Банк негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтеу бойынша міндеттемелерін ЖКС орындамағаны үшін бар айыппұлдар мен өсімақыларды есептен шығаруға міндетті;

12) Банкке қолма-қол емес ақшаға айналдыру бойынша операцияларды, сондай-ақ осы Келісімге сәйкес бөлінген ақша қаражаты есебінен қарыз алушының тапсырмасы бойынша оффшорлық компаниялардың банктік шоттарына аударуды жүргізуге тыйым с а л ы н а д ы .

2. ЖКС Бағдарламаның әр түрлі қатысушы Банктерінен бір мезгілде Бағдарламаның қаражаты есебінен Қарыздар ала алмайды. Басқа банктерден Бағдарламаның қаражаты есебінен алынған Қарыздардың болмауы талабы ЖКС-нің жобаны қаржыландыруға жазған өтінімінде расталуы тиіс.

3. Қарыз алушы Банктік қарыз шартын/Кредит желісін ашу туралы келісімді жасасқан күннен бастап 2 (екі) күнтізбелік ай ішінде Бағдарламаның қаражаты есебінен алынған Қарызды игеруді бастауға міндетті.

4. Осы Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде осы Келісім бойынша ЖКС-ге бұрын берілген Қарыздарды өтеу есебінен босаған Бағдарламаның қаражатын Банк осы Келісімнің талаптарында ЖКС-ге одан әрі кредит беруге жіберуі тиіс.

5. Бағдарламаны іске асыру кезінде Банк Агенттің қаражаты болып табылатын не Агент тікелей кредитор болып табылатын қаржыландыру көзінен ЖКС қарыздарын қ а й т а қ а р ж ы л а н д ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

6. Банк қарыз валютасын қайта қаржыландыру күні белгіленген Қазақстандық Қор

биржасының бағамы бойынша теңгеге ауыстыру талабымен шетел валютасында берілген ЖКС қарыздарын қайта қаржыландыруға құқылы.

5. Мониторинг

1. Осы Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде Агент Бағдарлама қаражатының игерілуіне және мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізуге, Банкке Агент өкілдерінің келуі арқылы Банктің қаржыландыру талаптарын сақтауын тексеруге, Банктен банктік және коммерциялық құпияларды сақтау талаптарын сақтай отырып, қажетті құжаттарды (уәкілетті тұлғаның қолымен және Банктің мөрімен расталған көшірмелерді) сұрауға құқылы.

2. Агенттің жазбаша талабы бойынша Банк осы Келісімнің 5-бөлімінің 1-тармағын ескере отырып, мониторинг мақсатында Агент сұраған шарттардың, төлем тапсырмаларының және өзге құжаттардың Банк растаған (уәкілетті тұлғаның қолымен және мөрмен) көшірмелерін беруге міндетті.

3. Бағдарлама қаражатының игерілуін растау үшін Банк осы Келісімнің 2-бөлімінің 7-тармағына сәйкес игеру мерзімі аяқталғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Агентке мына құжаттарды (уәкілетті тұлғаның қолымен және Банктің мөрімен расталған көшірмелерді):

1) Банк пен ЖКС арасындағы Банктік қарыз шартын/Кредит желісін ашу туралы келісімді;

2) Банктің Кредит комитетінің ЖКС-ге қарыз беру туралы шешімінен көшірмені;

3) ЖКС шотына Банктік қарыз шарты/Кредит желісін ашу туралы келісім бойынша қаражатты аудару фактісін растайтын құжаттарды (қарыз алушының банктік шотынан көшірме және/немесе Банктің төлем тапсырмасы және/немесе төлем ордері) береді.

Банктің меншікті қоржынының қарыздарын қайта қаржыландырған жағдайларда, Бағдарлама қаражатын игеруді растау үшін Банк Агентке мына құжаттарды (уәкілетті тұлғаның қолымен және Банктің мөрімен расталған көшірмелерді):

1) Банк пен ЖКС арасындағы Банктік қарыз шартын/Кредит желісін ашу туралы келісімді (қайта қаржыландырылатын қарыз бойынша);

2) Банктік қарыз шартына қосымша келісімді/Банк пен ЖКС арасында жаңадан жасалған Банктік қарыз шартын/Кредит желісін ашу туралы келісімді;

3) Банктің Кредит комитетінің ЖКС-ге қарыз беру туралы шешімінен көшірмені береді.

Жобалар бойынша мақұлданған, бірақ берілмеген сома бөлігінде, Бағдарлама қаражатының игерілуін растауда Банк Агентке мына құжаттарды (уәкілетті тұлғаның қолымен және Банктің мөрімен расталған көшірмелерді):

1) Банк пен ЖКС арасында жасалған банктік қарыз шартын/Кредит желісін ашу туралы келісімді;

2) ЖКС қарыз беру туралы Банктің Кредит комитетінің шешімінен көшірмені;

3) Банктік қарыз шартының/Кредит желісін ашу туралы келісімнің негізінде теңгерімнен тыс шотта қарыз қаражатының есебін көрсететін құжатты береді.

4. Бағдарламаның қаражатын қайталама игеру кезінде Банк Агентке осы Келісімнің 5-бөлімінің 3-тармағына сәйкес құжаттарды береді. Осы құжаттарды Банк жарты жылда бір реттен артық бермейді.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1 . Қ о р д ы н :
осы Келісімнің шеңберінде тараптардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға
қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2 . Қ о р :
1) Келісімді іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге;
2) Келісімнің шеңберінде тараптардың іс-қимылдарын үйлестіруді жүзеге асыруға
м і н д е т т е н е д і .

3 . А г е н т :
1) Бағдарлама қаражатын Банктің игеруін, мақсатты пайдалануын, сондай-ақ
Банктің қарыз алушыларды қаржыландыру талаптарын сақтауын тексеруге;
2) Банктен Бағдарлама қаражатының игерілуі туралы қажетті құжаттарды және
ш ұ ғ ы л а қ п а р а т т ы с ұ р а т у ғ а ;

3) м ы н а д а й :
Салым сомасын және/немесе Салым бойынша сыйақыны уақтылы және/немесе
т о л ы қ к ө л е м д е а у д а р м а ғ а н ;

2 (екі) айдан астам уақыт ішінде қатарынан осы Бас келісім бойынша Банктің
міндеттемелеріне сәйкес ақпаратты және есептілікті бермеген;

Банкті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төлем
қ а б і л е т і ж о қ д е п ж а р и я л а ғ а н ;

Банк Келісімде көзделген тексерулерді өткізуге кедергі жасаған жағдайларда
Салымды мерзімінен бұрын қайтару және/немесе Банктік салым шартын және осы
Келісімді мерзімінен бұрын бұзу туралы талапты шығару туралы қолдаухатты
С а л ы м ш ы ғ а ж і б е р у ғ е ;

Банктен қаражаттың игерілуі және мақсатты пайдаланылуы туралы қосымша
ақпаратты сұрауға құқылы, атап айтқанда - Банктен ЖКС Қарыз алды ма және мұндай
Қ а р ы з қ а н д а й м а қ с а т қ а б е р і л д і .

4 . А г е н т :
Келісімнің талаптарына сәйкес Бағдарламаның іске асырылуы туралы есепті есепті
айдан кейінгі айдың 25-і (жиырма бесінші) күніне дейін ай сайын Қорға беруге міндетті

Келісімнің талаптарына сәйкес өз қалауынша Комиссияның қарауына жобалардың тізбесін кейіннен беру мақсатында кредит беру үшін ЖКС-нің жобаларын бастапқы іріктеуді жүзеге асыруға құқылы.

6. Банк мыналарға міндетті:

1) осы Келісімнің негізгі мақсатын қатаң сақтауға - өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін ЖКС-нің жеңілдік талаптарында қолдауға;

2) Банктік салық шартына және Келісімге сәйкес бөлінетін Бағдарламаның қаражатын уақтылы игеруге;

3) Агенттің және Салымшының алдын ала жазбаша келісімінсіз Келісім бойынша өз құқықтары мен міндеттерін бермеуге және қайта табыстамауға;

Осы тармақ ҚҚА-ның нормативтік актілеріне сәйкес сенімсіздер санатына өткен Қарызды қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында үшінші тұлғаларға Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушыға Банктің талап құқықтарын беру жағдайына қолданылмады;

4) ЖКС-нің Қарызды қайтару жөніндегі өз міндеттемелерін орындауына қарамастан, Банк Банктік салым шартында және Келісімде көзделген Салым сомасын және ол бойынша сыйақыны, айыппұлдарды және өсімақыларды өтеу бойынша сөзсіз міндеттеме қабылдайды;

5) Агенттің бірінші талабы бойынша Агенттің талабын алған сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде Бағдарламаны іске асыру бойынша, сондай-ақ ЖКС жобаларының мониторингі бойынша қажетті ақпаратты беруге;

6) Банктік ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ЖКС Қарызын мақсатты пайдалану мониторингін жүзеге асыру;

7) Келісімнің 4-бөлімі 2-тармағының талаптарының бұзылу фактілері анықталған жағдайда, Банктік қарыз шартының/Кредит желісін ашу туралы келісімнің талаптарына сәйкес ЖКС-ден Қарызды мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету немесе өзінің қалауынша, бұл ретте Бағдарламаның және осы Келісімнің талаптарына сәйкес Бағдарламаның қаражатын басқа ЖКС-ге жібере отырып, өз қаражатымен Қарызды орнына салуға;

8) Келісімнің 4-бөлімі 3-тармағының талаптарының бұзылу фактілері анықталған жағдайда, Банктік қарыз шартын бұзу немесе өз қалауынша, бұл ретте Келісімнің талаптарына сәйкес Бағдарламаның қаражатын басқа ЖКС-ге жібере отырып, өз қаражатымен Қарызды орнына салуға;

9) есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиыrmасы) күніне дейін ай сайын Агентке Келісімнің 3-қосымшасына сәйкес Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы есеп беруге;

10) Банктің заңды мекен-жайы, почта және банктік деректемелері, сондай-ақ нақты мекен-жайы өзгерген кезде 10 (он) күнтізбелік күн ішінде мұндай өзгерістер туралы

Агентке және Салымшыға дереу хабарлауға;

11) 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде Банктің қызметін жүзеге асыруға пайда болған шектеулер немесе тыйымдар туралы, сондай-ақ меншік құқықтарын біржолғы сату немесе өзгелей біржолғы өтуі және/немесе 10 %-дан (он пайыз) жоғары болғанға қатысты иелену және пайдалану құқықтарына өту туралы Агентке және Салымшыға хабарлауға;

12) мақсатты тексеру жүргізу және мұндай тексерулер барысында жан-жақты жәрдем көрсету үшін Агенттің өкілдерін қызметтік және басқа үй-жайларға жіберуге, сондай-ақ Банктік қарыз шартында/Кредит желісін ашу туралы келісімде осы тармақшада анықталған талаптарды бекітуге шаралар қабылдауға;

13) ЖКС-мен Банктік қарыз шартында/Кредит желісін ашу туралы келісімде Бағдарлама қаражатын Қарызды қаржыландыру көзі етіп белгілеу және Агент пен Қорға банктік және коммерциялық құпияға жататын ақпаратты ұсынуға ЖКС-нің келісімін бекітуге;

14) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырма) күніне дейінгі мерзімде Агент пен Салымшыға мына құжаттардың түпнұсқаларын беруге:

есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-і күнгі жағдай бойынша теңгерімдік және теңгерімнен тыс шоттардағы (700-Н нысаны) қалдықтар туралы есеп;

тоқсан сайынғы бухгалтерлік теңгерім (N 1 нысан);

кірістер мен шығыстар туралы тоқсан сайынғы есеп (N 2 нысан);

ақша қозғалысы туралы тоқсан сайынғы есеп (N 3 нысан);

меншікті капиталдағы өзгерістер туралы тоқсан сайынғы есеп (N 4 нысан);

ҚҚА басқармасының 2006 жылғы 17 маусымдағы N 136 қаулысына (N 1, 2, 3 қосымшалар) сәйкес есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-і күнгі жағдай бойынша пруденциялық (экономикалық) нормативтердің орындалуы туралы есептер;

15) жыл сайын Агент пен Салымшыға жыл сайынғы қаржылық есептілікті уәкілетті органға беру мерзімі өткеннен кейін 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде жыл сайынғы қаржылық есептіліктің түпнұсқасын беруге;

16) Бағдарламаның қаражатын бастапқы игерген кезде (Келісімнің 2-бөлімінің 7-тармағында анықталған қаражатты игеру кезеңі ішінде) Бағдарламаның қаражаты есебінен ЖКС қарыздарын қайта қаржыландыру нәтижесінде босаған Банктің қаражатын Банктің ішкі ережелерінде көзделген талаптарда Қазақстан Республикасының экономикасында жұмыс істейтін жеке және заңды тұлғаларға кредит беруге жіберуге;

17) Бағдарламаны іске асыру басталғанға дейін Банктік қарыз шарттарының, Кредиттік желі ашу туралы келісімнің және/немесе Банк қарызы шартына немесе Кредиттік желі ашу туралы келісімге Қосымша келісімнің барлық үлгі нысандарын Агент пен келісуге;

18) Негізгі борыш, сыйақы және Банктік салым шартының және Келісімнің

негізіндегі өзге сомалар бойынша барлық төлемдер тиісті төлемдерден кейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарды, баждарды, алымдарды және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді ұстағаннан кейін жүргізіледі.

7. Сендірулер және кепілдіктер

Банк Агент пен Салымшыға мыналарды мәлімдейді және кепілдік береді:

1. Банк Келісімде көрсетілген сендірулер мен кепілдіктердің дұрыс әрі шындыққа сәйкес келетіндігі туралы растайды. Агент пен Салымшы көрсетілген сендірулер мен кепілдіктердің дұрыстығын тексеруге міндетті емес.

2. Банк мыналарды мәлімдейді және кепілдік береді:

1) Бағдарламада және Келісімде көзделген қаражатты ЖКС-ге Қарыздар беру үшін ғана пайдаланатын болады;

2) Банк оның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, Келісім бойынша өзінің міндеттемелері бойынша жауап беретін активтеріне және қабілетіне жағымсыз әсер етуі мүмкін қандай да бір мән-жайлар туралы хабарсыз.

Сонымен қатар Банк Банктің жарғылық құзыреті Келісімге қол қоятын тұлғаға Келісімді жасасуға мүмкіндік беретінін растайды.

3) Банк Келісімді жасасқан сәтте Келісімді бұзуға, оны жасасу және орындау, оның күші жойылды деп тану мүмкіндігінің болмауына себеп болатын негіздемелердің болмауын растайды.

3. Банк барлық ақпараттың, сондай-ақ өзінің Агентке және Салымшыға берген (ұсынған) немесе ұсынатын барлық құжаттаманың дәл және шындыққа сәйкес келетіндігін мәлімдейді және растайды. Агент пен Салымшы берілген немесе берілетін құжаттаманың дұрыстығы мен дәлдігін тексереді. Жалған, толық емес және/немесе сенімсіз мәліметтер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік туралы Банкке ескертілді.

4. Банк Тараптардың бірі болып әрекет ететін ЖКС қаржыландыру жөніндегі келісімді Банктің жарғысын немесе Қазақстан Республикасының Банкке қатысты қолданылатын заңнамасының өзге де талаптарын бұзбауы тиіс.

5. Осымен Банк Келісімдегі барлық шарттардың, олардың құқықтық мәнінің анық және түсінікті екендігін растайды.

8. Орналастырылған ақшаны өтеу

1. Банктік салым шартына сәйкес Банк орналастырылған салымның қайтарылуын және өзге де төлемдердің төленуін қамтамасыз етеді.

2. Егер жүргізілген төлемнің сомасы міндеттемелерді орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, ол ең алдымен Агент пен Салымшының шығындарын, содан соң

тұрақсыздық айыбы мен сыйақыны орындауды, ал қалған бөлігін - борыштың негізгі сомасын (Салым сомасын) алғаннан кейін өтейді.

3. Егер төлеу күні жұмыс істемейтін немесе мереке күніне келсе, төлем одан кейінгі жұмыс күнінде жүргізіледі.

9. Ақшаны Салымшының және/немесе Агенттің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын қайтару

1. Банктік салым шарттары бойынша Салымшының және/немесе Агенттің бастамасы бойынша Банктік салым шартында және Келісімде көзделген тәртіппен және шарттарда ақшаны мерзімінен бұрын қайтаруға болады.

2. Салымшының және/немесе Агенттің бастамасы бойынша Салымды мерзімінен бұрын қайтарған жағдайда Банк бағдарлама бойынша қарыз алған ЖКС кредит беру шарттарын өзгертуге құқылы. Бұл ретте, Салымның немесе Келісімнің шарттарына өзгерістер енгізілген жағдайда Банк ЖКС-мен жасалған Банктік қарыз шарттарына/Кредит желісін ашу туралы келісімге Салымның немесе Келісімнің өзгерген шарттарына мөлшерлес өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

3. Банктің Банктік қарыз шарттарына/Кредит желісін ашу туралы келісімге өзгерістер енгізуге құқығы Салымды қайтарып алу не оның шарттарын өзгерту жағдайларында ЖКС-мен Банктік қарыз шарттарында/Кредит желісін ашу туралы келісімде көрсетіледі.

10. Ақшаны Банктің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын қайтару

Банктің Салымшыға есептелген барлық сыйақы мен Салымның негізгі сомасы бойынша іс жүзінде пайдаланған уақыт ішінде негізгі сома бойынша төленуге тиіс өзге де соманы төлеуі шартымен, қаражатты игерудің 5 (бес) жылы өткеннен кейін Салымшының және Агенттің жазбаша келісімімен бүкіл Салымды немесе оның негізгі сомасының бір бөлігін мерзімінен бұрын қайтаруға Банктің құқығы бар, және осы сәттен бастап Салымшының алдындағы Банктің ақшалай міндеттемелері тоқтатылады.

11. Тараптардың жауапкершілігі

1. Келісімдегі Тарап Келісімге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Келісімнен туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықта болады.

2. Бағдарламаның қаражатын игермеген/уақтылы игермеген жағдайда Банк Агентке игерілмеген/уақтылы игерілмеген соманың 15 %-ы мөлшерінде айыппұл төлейді. Қаражаттың игерілмегені/уақтылы игерілмегені үшін айыппұл тиісті кезең ішінде бірінші күнді қоса алғанда, бірақ соңғы күнді алып тастай отырып, күнтізбелік жылдың

365 күні есебінен талап ұсынылған сәтте өткен күндердің іс жүзіндегі саны базасында есептеледі. Бұл ретте, Бағдарламаның қаражатын уақтылы игермегені үшін айыппұл, егер осы қаражатты уақтылы игермеу Комиссияның ЖКС жобаларын бекітуді кешіктіруі себебі бойынша болса, салынбайды.

3. Келісімнің 4-бөлімі 1-тармағының 1) - 9) тармақшаларының шарттарын Банктің бұзуы Бағдарлама қаражатын мақсатсыз пайдалану деп танылады. Бағдарламаның қаражаты мақсатсыз пайдаланылған кезде Банк Агенттің талабы бойынша Агентке мақсатсыз пайдаланудың анықталған сомасының 15 %-ы мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Банк қарыздың орнын өз қаражатымен толтыруға және Келісімнің шарттарына сәйкес босаған қаражатты басқа ЖКС-ге жіберуге міндетті.

4. Агент Келісім шарттарының өзге де бұзылушылықтарын анықтаған жағдайда Банк анықталған бұзушылықтарды Агент талап қойған сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде жоюға міндеттенеді.

5. Банк салымы шартына/Кредит желісін ашу туралы келісімге және Келісімге сәйкес кез келген соманы төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін уақтылы орындамаған кезде мерзімі өткен сомаға мерзімі өтудің бірінші күнінен бастап іс жүзіндегі төлем күніне дейін әрбір мерзімі өткен күн үшін мерзімі өткен берешек сомасының 0,2 %-ы мөлшерінде өсімақы есептеледі.

12. Хабарламалар

1. Тараптар Келісімнің шеңберінде талап етілетін немесе жасалған кез келген хабарламаның, хабардың, хаттың немесе сұрау салудың жазбаша нысанда ұсынылатынына келіседі. Мұндай хабарлама, хабар, хат немесе сұрау салу қатысушы Тараптың Келісімде көрсетілген мекен-жайы бойынша тараптың өкілетті өкіліне қолма-қол тапсырылатын, почта немесе курьер байланысы бойынша, факсимильдік және телекс байланысы арқылы жеткізілетін жағдайлардың кез келгенінде тиісті түрде ұсынылған немесе жіберілген ретінде қарастырылатын болады.

2. Кез келген хабарлама, хабар, хат немесе сұрау салу:

1) тиісті белгімен алынған күні - қолма-қол (курьермен) жөнелтілген;
2) жөнелтілгеннен кейін (почта кәсіпорны жөнелту кезінде берген құжат күнінен) үшінші күні - тапсырысты хатпен, жеделхатпен жөнелтілген;

3) жөнелтудің табысты аяқталғаны туралы факсимильдік аппараттың растауының болуы шартымен жөнелту күні - факсимильдік немесе телекс байланысы арқылы жөнелтілген жағдайда алынған болып саналады. Бұл ретте Тараптар 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде осындай хабарламаны, хабарды, хатты немесе сұрау салуды қолма-қол (курьермен) немесе тапсырысты хатпен жөнелтуге міндеттенеді.

3. Ай сайынғы және тоқсан сайынғы есептілік кейіннен банктің Агентке құжаттардың түпнұсқаларын беруімен жөнелтудің табысты аяқталғаны туралы

электрондық почта растауының болуы шартымен жөнелту күні - электрондық почта арқылы қол қойылған материалдарды жөнелту жолымен ұсынылуы мүмкін.

13. Құпиялылық

1. Осымен Тараптар Келісімнің шарттарына қатысты ақпараттың, сондай-ақ Келісім жасасу және оны орындау барысында олар алған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың құпия болып табылатындығына және Келісім мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етілмеуге тиістігіне келіседі.

2. Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда, Тараптың құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруіне, жариялауына немесе оны өзге де жария етуіне болады.

3. Тараптар Келісімнің болуы мен оның шарттарының құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды. Агент пен Салымшының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне Агент пен Салымшының өздерінің Келісім бойынша құқықтарын іске асыру барысында алған мәліметтерін жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

4. Тараптардың кез келгені Келісімнің талаптарын бұза отырып құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарап ұшыраған ықтимал шығындарды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

14. Еңсерілмес күш жағдаяттары

1. Егер орындаудың мүмкін болмауы еңсерілмес күш жағдаяттарының салдары болып табылса, Тараптар өздерінің Келісім жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны, не лайықты орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады.

2. Еңсерілмес күш жағдаяттары болған кезде ол үшін Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамау мүмкіндігі туындаған Тарап басталған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты осындай жағдаяттар туралы уақтылы хабардар е т у г е т и і с .

3. Уақтылы хабарлау болмаған кезде Тарап екінші Тарапқа хабарламау немесе уақтылы хабарламау келтірген шығындарды өтеуге міндетті.

4. Еңсерілмес күш жағдаяттарының болуы Келісімнің орындалу мерзімін олардың әрекет ету мерзіміне ұлғайтуды тудырады.

5. Егер мұндай жағдаяттар 2 (екі) айдан астам уақыт жалғасатын болса, онда әрбір Тарап Банк салымы шарты мен Келісім бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан

бас тартуға құқылы. Бұл ретте Банк Агент осындай талаптарды мәлімдеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде есептелген сыйақысыз негізгі борыш сомасын қайтаруға міндетті.

15. Дауларды шешу

1. Келісімге байланысты немесе одан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың арасында келіссөздер жолымен шешіледі. Реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

2. Осы Келісім Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түсіндіріледі және реттеледі.

16. Келісімнің шарттарын өзгерту

Осымен Тараптар Келісімге кез келген өзгерістер немесе толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімі бойынша ғана жасалуы мүмкін деп келісті.

17. Қорытынды ережелер

1. Келісімнің ережелері өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін. Келісімде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда жасалған және Тараптардың өкілетті өкілдері қол қойған өзгерістер мен толықтырулар ғана Тараптар үшін жарамды және міндетті болып танылады.

2. Осы Келісім Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей 4 (төрт) данада жасалды, олардың әрқайсысының тең заңдық күші бар. Тараптардың арасында келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда Келісімнің орыс тіліндегі мәтіні басым мәнге ие болады.

3. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісім бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады.

4. Тараптар Келісімге қол қойылғаннан кейін барлық алдыңғы талқылаулар, ұсынымдар, сондай-ақ хат жазысулар заңдық күшін жоғалтатынына және Келісім мәтініне ауыстырылатынына келіседі.

5. Келісімде көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

18. Тараптардың заңдық мекен-жайы, банктік деректемелері және қолтаңбалары

Қ о р :

"Самұрық-Қазына" ұлттық
әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы

С а л ы м ш ы :

"Стресті активтер қоры"
акционерлік қоғамы

Мекен - жайы :
Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы
Алматы ауданы, Қабанбай батыр
даңғылы, 23-үй
СТН 620 200 333 937
ЖСК 382 609 617
БСК 190 201 125
Қазақстан
Банкі ММ-де

_____ Қ. Әйтекенов
МО

Банк :
акционерлік қоғамы
акционерлік қоғамы

Мекен - жайы :

Б а с
1-қосымша

Мекен - жайы :
Қазақстан Республикасы, 050010,
Алматы қаласы, Зенков көшесі, 80
СТН 600 900 614 502
ЖСК 043 660 801
БСК 190 501 949
"Қазақстанның HSBC Банкі" АҚ
ЕБ - де
Ұлттық

_____ С. Арапова

Агент :
"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры"

Мекен - жайы :

Қазақстан Республикасы, 050 004
Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 111
СТН 600 500 050 605
ЖСК 070 011 258
БСК 190 201 125
"Казкоммерцбанк" АҚ Алматы

филиалы, Алматы қаласы
_____ Б. Мұқышев

к е л і с і м г е

Өңдеуші өнеркәсіп салаларының тізбесі

N	Бөлімнің N	Атауы (бөлімнің, кіші бөлімнің, топтың)
		Өңдеуші өнеркәсіп
	10	Тамақ өнімдерін өндіру
	11	Сусындар шығару
	13	Тоқыма бұйымдарын шығару
	14	Киім шығару
	15	Былғары және оған жататын өнім шығару
	16	Жиһаздардан басқа, ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру
	17	Қағаз және қағаз өнімдерін шығару

18	Жазылған материалдарды басып шығару және шығару
20	Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру
21	Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндіру
22	Резенке және пластмасса бұйымдарын өндіру
23	Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру
25	Машиналар мен жабдықтан басқа, дайын металл бұйымдарын өндіру
26	Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер шығару
27	Электр жабдығын шығару
28	Басқа санаттарға енгізілмеген, машиналар мен жабдық шығару
29	Автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелер шығару
30	Өзге де көлік құралдарын шығару
31	Жиһаз жасау
32	Өзге де дайын бұйымдар шығару

Б а с

к е л і с і м г е

2-қосымша

ЖКС жобасы бойынша ақпараттық парақ (анкета)

Жалпы ақпарат		
Банктің атауы		
Өтініш берушінің атауы		
Алғашқы тіркелген күні		
Өңір (облыс, қала)		
Негізгі қызмет түрі		
Қаржыландыру түрі (қаржыландыру/қайта қаржыландыру)		
Қайта қаржыландырылатын қарыздың мақсаты (қайта қаржыландырылған жағдайда):		
негізгі құралдарды толықтыру		қысқаша сипаттамасы
инвестициялар		қысқаша сипаттамасы
Қайта қаржыландырылатын қарыздың мақсатты пайдаланылуын құжаттамалық растау (сома, теңгемен) (қайта қаржыландырылған жағдайда)		
Банк бекіткен қаржыландыру шарттары		
Қаржыландыру/қайта қаржыландыру сомасы, теңге		
оның ішінде Банктің қаражаты есебінен		
Қордың қаражаты есебінен		
оның ішінде айналым қаражатын толықтыру (жаңадан қаржыландырған жағдайда)		қысқаша сипаттамасы
инвестициялар (жаңадан қаржыландырған жағдайда)		қысқаша сипаттамасы

оның ішінде Қордың бұрын іске асырылған Бағдарламасы есебінен (қайта қаржыландырылған жағдайда)		
Кредит беру мерзімі, ай		
Сыйақы ставкасы (номиналды)		
Сыйақы ставкасы (тиімді)		
Негізгі борыш бойынша жеңілдікті кезең, ай		
Негізгі борышты өтеу кезеңділігі		
Сыйақыны өтеу кезеңділігі		
Қаражаттың қол жетімділігі кезеңі (Кредиттік желі ашылған жағдайда), ай		
Өтініш берушінің ағымдағы жағдайы туралы ақпарат		
Соңғы қаржы жылы ішінде өндірілген өнім шығару көлемі, теңгемен		
Соңғы қаржы жылы ішінде өндірілген өнім үшін түсімнің көлемі, теңгемен		
Соңғы қаржы жылы ішінде төленген салық төлемдерінің көлемі, теңгемен		
Жұмыс орындарының саны, адам		
Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешектің болуы, теңге		Анықтаманың (актінің) күні
Қордың Бағдарламалары бойынша кредиттердің болуы, теңге		
Өтініш берушінің қаржыландырылатын/қайта қаржыландырылатын жобасы туралы ақпарат		
Кредит беру кезеңі ішінде өнім шығарудың болжамды көлемі, теңге		
Кредит беру кезеңі ішіндегі түсімнің болжамды көлемі, теңге		
Кредит беру кезеңі ішіндегі салық аударымдарының болжамды көлемі, теңге		
Құрылатын жұмыс орындары, адам.		
Жобаны іске асыру орны		

Б а с

к е л і с і м г е

3-қосымша

Бағдарламаны іске асыру барысы туралы есеп

Жалпы N	Банк	Облыс	ҚР облыстары бөлінісінде қарыз алушының атауы	З а ң д ы қ мәртебесі (ЖШС , ЖК, ҰШ, ӨК)	Берілген күні	Қарыздың мерзімі, айлар
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

	Қордың қаражаты есебінен	Банк қаражаты есебінен				
--	--------------------------	------------------------	--	--	--	--

Қарыз сомасы	мақұлданған қарыз сомасы	мақұлданған қарыз сомасы	Іс жүзінде қаражат беру сомасы	Іс жүзінде Қордың қаражаты есебінен беру сомасы	Іс жүзінде банктің қаражаты есебінен беру сомасы	Негізгі борышты өтеудің жеңілдікті кезеңі
8	9	10	11	12	13	14

кестенің жалғасы

Сыйақы төлеудің жеңілдікті кезеңі	Кредит бойынша сыйақы ставкасы	Кредит бойынша сыйақының тиімді ставкасы	Кредит беру объектісі	Қарыз қаражатының нысаналы мақсаты (қаржы қаражатының әрбір бағытының атауы мен сомасын көрсете отырып)	Іске асыру орны (аудан, қала)	ЭҚЖЖ негізгі топтары бойынша экономика саласы
15	16	17	18	19	20	21

кестенің жалғасы

ЭҚЖЖ бойынша экономиканың кіші саласы	Жобаны іске асыру есебінен құрылатын жаңа жұмыс орындары	ЕДБ уәкілетті органы шешімінің N	ЕДБ уәкілетті органы шешімінің шығарылған күні	Банк қарызы шартының N/Кредит желісін ашу туралы келісім	Банк қарызы шартының жасалған күні/Кредит желісін ашу туралы келісім	Қарыз алушының СТН-і	Қордың бұрын іске асырылған бағдарламалары бойынша қаражатты қайта қаржыландыру сомасы (қайта қаржыландыру кезінде ғана)
22	23	24	25	26	27	28	29

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

9

қ а з а н д а ғ ы

N

1 5 5 3

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы,
"Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы мен "Даму"
кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы арасындағы Екінші
деңгейдегі банктер мен лизингілік компаниялар арқылы өңдеуші
өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік
субъектілерінің лизингілік мәмілелерін қаржыландыру туралы
келісім**

_____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында бұдан әрі "Қор"
деп аталатын "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, және
_____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында бұдан әрі "
Кредитор" деп аталатын "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы, және
_____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында бұдан әрі "Қарыз

алушы" деп аталатын "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал әрқайсысы жеке-жеке "Тарап" деп аталатындар,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы N 1085 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын назарға ала отырып, екінші деңгейдегі банктер мен лизингілік компаниялар арқылы өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингілік мәмілелерін қаржыландыру мақсатында мына төмендегілер туралы осы Келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты:

1. Пайдаланылатын терминдер

Берешек - төлем немесе ақшаны қайтару бойынша (осы Келісім бойынша қабылданған) кез келген міндеттеме;

Кредит - осы Келісімнің талаптарына сәйкес Кредитордың Қарыз алушыға беретін а қ ш а с о м а с ы ;

жұмыс күні - Банктер Қазақстан Республикасында өз қызметін жүзеге асыру үшін ашық болатын күн (сенбі-жексенбіні немесе ресми мереке күндерін қоспағанда);

ақшаны игеру - Қарыз алушының екінші деңгейдегі банктерге және лизингілік ұйымдарға Кредитордың ақшасы есебінен Қарыз шартын жасасу жолымен Кредиттік шарттарда және осы Келісімде көрсетілген мерзімде және талаптарда кредит беруі;

еңсерілмес күш жағдаяттары - Тараптардың кез келгені осы Келісім бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындау мүмкін болмайтын жағдаяттар (мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: су басу, жер сілкіністері, жарылыстар, дауылдар, індеттер, эпизоотиялар, дүлей өрттер, ереуілдер, соғыс, көтерілістер, мемлекеттік органдардың ресми актілері). Бұл ретте еңсерілмес күш жағдаяттарының болу сипаты, әрекет ету кезеңі, фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс;

кредитті нысаналы пайдалану - Қарыз алушының екінші деңгейдегі банктерге және лизингілік ұйымдарға (бұдан әрі - ЕДБ) өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің лизингілік мәмілелерін олар одан әрі қаржыландыруы үшін кредиттер беруі.

2. Келісімнің мәні

1. Осы Келісімнің талаптарына сәйкес Кредитор Қарыз алушыға кредит қаражатын (бұдан әрі - Кредит) береді, ал Қарыз алушы Кредитті уақтылы қайтаруға, сыйақы және

осы Келісім бойынша Кредиторға төленуге тиіс өзге де ақшалай соманы төлеуге міндеттенеді.

3. Кредиттің негізгі талаптары

- Кредит мынадай талаптарда беріледі:
1. Кредиттің сомасы 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге
 2. Кредиттің мерзімі Кредит сомасын Қарыз алушының банктік шотына есептеген күннен бастап 7 (жеті) жыл.
 3. Сыйақы ставкасы жылдық 1 % (бір) пайыз
 4. Кредит валютасы Теңге
 5. Кредиттің нысаналы тағайындалуы Қарыз алушының екінші деңгейдегі банктерге және лизингілік ұйымдарға өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің лизингілік мәмілелерін олар одан әрі қаржыландыруы үшін мынадай негізгі шарттарда кредиттер беруі:
 - ЖКС жаңа лизингілік мәмілелерін қаржыландыру;
 - ЖКС қарыз алушылары үшін түпкілікті сыйақы ставкасы жылдық 8 % (сегіз) пайыздан артық емес.
 6. Негізгі борышты төлеу Осы Келісімнің 3-бөлімінің 7-тармағында көрсетілген негізгі борышты төлеу жөніндегі жеңілдік кезеңі аяқталған күннен бастап тең жарты жылдық төлемдермен. Негізгі борыштың бірінші төлемі негізгі борышты төлеу жөніндегі жеңілдік кезеңі аяқталған күннен кейінгі алтыншы жұмыс күнінде жүзеге асырылады (бұдан әрі - Бірінші төлем күні). Негізгі борыштың әрбір келесі төлемі есепті жарты жылдықтан кейінгі жарты жылдықтың алтыншы жұмыс күнінде жүргізіледі. Шарттың мақсатында негізгі борышты бірінші төлеген күннен бастап әрбір келесі 6 (алты) күнтізбелік ай жарты жылдық болып саналады.
 7. Негізгі борышты төлеу жөніндегі жеңілдік Қарыз алушының банктік шотына Кредит есептелген күннен бастап 2 (екі) жыл кезеңі

8. Сыйақы төлеу

Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі тоқсанның алтыншы жұмыс күнінде.

Сыйақы есептеу үшін жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн және айдағы 30 (отыз) күн есепке алынады және толық емес ай кезінде өткен күндердің іс жүзіндегі саны есебінен.

Осы Келісімнің 3-бөлімінің 3-тармағында белгіленген ставка бойынша сыйақы есептеу осы Келісім бойынша негізгі борыштың сомасына жүзеге асырылады.

9. Қамтамасыз ету

Көзделмеген

10. Кредитті игеру

Қарыз алушының банктік шотына ақша түскен күні кредит берілген деп саналады.

Қарыз алушы қаражатты ЕДБ орналастырған күні кредит игерілген деп саналады.

4. Кредит беру және оны қайтару тәртібі

1. Кредит беру осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

2. Қарыз алушы Кредитті қайтаруды және сыйақы төлеуді, егер Кредитор өзге шотты көрсетпесе, осы Келісімнің деректемелерінде көрсетілген Кредитордың банктік шотына ақша аудару жолымен жүргізеді.

3. Кредит Қарыз алушының Кредит бойынша негізгі борышты қайтару, осы Келісімде көзделген сыйақыны, тұрақсыздық айыптарын (өсімақылар, айыппұлдар) және өзге де төлемдерді төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде өтелген болып саналады.

4. Қарыз алушының төлемдерін Кредитордың қабылдауы мынадай дәйектілікпен жүргізіледі: тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімақыларды) төлеу; осы Келісімді орындауға байланысты және Қарыз алушы өтеуге тиіс шығыстар сомасын төлеу; есептелген сыйақыны төлеу, Кредит бойынша негізгі борышты өтеу.

Егер қарыз алушы Кредиторға осы Келісім бойынша төлем жүргізуге тиіс күн Қазақстан Республикасында жұмыс күні болып табылмаса, төлемді Қарыз алушы Қазақстан Республикасындағы бірінші жұмыс күнінде жүргізуге тиіс.

5. Кредитті өтеу кестесіне осы Келісімге қол қойылған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Тараптар жеке-жеке қол қояды.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1 . Қ о р д ы н :

- 1) осы Келісім шеңберінде Тараптардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;
- 2) заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2 . Қ о р :

- 1) осы Келісімді іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге;
- 2) осы Келісімнің шеңберінде Тараптардың іс-қимылдарын үйлестіруді жүзеге асыруға міндеттенеді.

3. Кредитордың мыналарға құқығы бар:

- 1) Қарыз алушыдан осы Келісімге N 1 қосымшаға сәйкес Қарыз алушының орналастырылған қаражатты игергені туралы тоқсан сайынғы есепті және өзге де қажетті ақпаратты сұратуға және алуға, сондай-ақ қажетті тексерулерді жүзеге асыруға;
- 2) Қарыз алушы Кредит бойынша негізгі борышты қайтару және сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, сондай-ақ Қарыз алушы Кредитті нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда (осындай бұзған анықталған күні) :

осы Келісімнің 4-бөлімінің 4-тармағын ескере отырып, пайдалану кезеңі ішінде есептелген сыйақысымен Кредиттің бүкіл сомасын мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге ;

Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлердегі кез келген банктерде (қаржылық, кредиттік ұйымдар мен мекемелерде) ашылған Қарыз алушының банктік шоттарына ұсыну жолымен Қарыз алушының мерзімі өткен берешегінің бүкіл сомасын (оның ішінде Қазақстан Республикасының төлемдер мен ақша аударымдары туралы заңнамасына сәйкес банктік төлем құжаттарына қоса берілетін шарт көшірмелерінің дұрыстығын нотариалды куәландыру жөніндегі шығыстарды), төлемдік талап-тапсырмаларды (осы Келісімнің нотариалды куәландырылған көшірмелерінің қосымшасымен) немесе акцептісіз және/немесе даусыз ақшаны алып қоюды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құжаттарды кез келген валютада акцептісіз және даусыз тәртіппен өндіріп алуға. Қарыз алушының банктік шотында ақша жеткілікті болған кезде Кредитордың төлемдік құжаты онда көрсетілген ақша сомасында орындалуы, ал ақша жеткіліксіз болған жағдайда Кредитордың төлемдік құжатында көрсетілген ақшаның барлық сомасын алу үшін Қарыз алушының банктік шотына қатысты картотекада сақталуы тиіс. Өзге валютадағы (Кредит валютасынан басқа) ақшаны акцептісіз алып қойған жағдайда Кредит валютасына алынған ақшаны айырбастау Қарыз алушының есебінен жүргізіледі. Осы Келісімге қол қоюмен Қарыз алушы келісімін білдіреді және Кредиторға осы Келісімде көзделген жағдайларда Кредит бойынша берешекті, ол бойынша сыйақыны өтеу үшін Қарыз алушының барлық шоттарынан ақшаны даусыз, акцептісіз алу құқығы беріледі;

Кредитті нысаналы пайдаланбағаны үшін (нысаналы пайдаланбағаны анықталған кезде) осы Келісімде көзделген айыппұлды төлеуді талап етуге;

осы Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген басқа іс-әрекеттерді алдын ала қабылдауға.

4 . К р е д и т о р :

1) заңнамаға және Тараптардың ішкі құжаттарына сәйкес банктік және коммерциялық құпияға жататын Қарыз алушыдан алынған мәліметтердің құпиялығын сақтауға ;

2) осы Келісімде белгіленген мерзімде Қарыз алушының банктік шотына Кредит сомасын аударуға ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, көлемде және тәртіппен кредиттік бюроға ақпарат ұсынуға міндеттенеді.

5 . Қ а р ы з а л у ш ы н ы ң :

1) Кредитордан осы Келісімнің талаптарын толық, тиянақты және уақтылы орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға ;

2) осы Келісімде белгіленген мерзімдер мен жағдайларға сәйкес Кредит алуға ;

3) осы Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

6 . Қ а р ы з а л у ш ы :

1) Кредитті нысаналы арналуы бойынша пайдалануға ;

2) осы Келісімнің және Қаражатты ЕДБ-ге қаражат орналастыру туралы шарттың талаптарына сәйкес Кредитті ЕДБ шоттарына аударуға ;

3) толық көлемде және осы Келісімде белгіленген мерзімде Кредитті қайтаруға және сыйақыны төлеуге ;

4) Қарыз алушының орналастырылған қаражатты игергені туралы тоқсан сайынғы есепті Қорға беруге ;

5) Кредитордың алдын ала жазбаша келісімсіз үшінші тұлғаларға және Қорға осы Келісім бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін бермеуге және жол бермеуге ;

6) осы Келісімге сәйкес Кредитордың алдындағы міндеттемелерін тиісті түрде орындауға ;

7) Қарыз алушының осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін бұзуы нәтижесінде Кредитор іс жүзінде ұшыраған және құжатпен расталған шығыстарды өтеуге міндеттенеді.

6. Тараптардың жауапкершілігі

1. Қарыз алушы осы Келісімде белгіленген жағдайларға және мерзімдерге сәйкес Кредит сомасы мен есептелген сыйақыны қайтару бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Кредитор Қарыз алушыдан мерзімін өткізіп алған әр күні үшін мерзімі өткен берешек сомасының 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) пайызы, бірақ Кредит бойынша мерзімі өткен негізгі борыш сомасының 10 % (он) пайызынан аспайтын мөлшерде

өсімақыны Кредиторға төлеуді талап етуге құқылы.

2. Кредитті нысаналы пайдалануды бұзған жағдайда Кредитор Қарыз алушыдан мақсаты бойынша пайдаланылмаған Кредиттің (оның бөлігінің) сомасын қайтаруды және мақсаты бойынша пайдаланылмаған соманың 10 % (он) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуді талап етуге құқылы.

3. Осы Келісімнің өзге де талаптарын орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ж а у а п т ы л ы қ т а б о л а д ы .

4. Осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда тұрақсыздық айыбын (өсімақыны, айыппұлды) төлеу және шығындарды өтеу Қарыз алушыны осы Келісімде қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде орындау міндетінен босатпайды.

7. Еңсерілмес күштің жағдаяттары

1. Егер Тараптардың қандай да біреуі еңсерілмес күш жағдаяттары міндеттемелерін орындауға кедергі келтірсе немесе кешіктірсе, онда Тараптың міндеттемелерді орындауы еңсерілмес күш жағдаяттары созылған уақытқа мөлшерлі уақытқа және Тараптың міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретіндей немесе кешіктіретіндей дәрежеде тоқтатыла тұрады. Соған қарамастан мұндай Тараптың төменде сипатталған шарттарға сәйкес еңсерілмес күш жағдаяттарының басталғаны туралы екінші Тарапты х а б а р д а р е т у г е т и і с т і г і б е л г і л е н е д і .

2. Еңсерілмес күш жағдаяттары өрттерді (Тараптардың қылмыстық ұқыпсыздығы немесе салақтығы салдарынан болғандарды қоспағанда), су тасқындарын, жер сілкіністерін, соғысты (жарияланған және жарияланбаған), көтерілістерді, ереуілдерді, азамат соғыстарын немесе жаппай тәртіпсіздіктерді қоса алғанда және олармен шектелмей Тараптың ақылға қонымды бақылауынан тыс кез келген жағдаяттарды б і л д і р е д і .

3. Еңсерілмес күш жағдаяттары болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде міндеттемелерді орындауға кедергілері бар Тарап екінші Тарапты еңсерілмес күш жағдаяттарының басталғаны туралы және өзінің осындай міндеттерді орындауына олардың әсері туралы жазбаша хабардар етуге тиіс. Егер Тарап осы Келісімде белгіленгендей еңсерілмес күш жағдаяттарының басталғаны туралы хабарлама жасамаса, мұндай Тарап үшін еңсерілмес күш жағдаяттары нәтижесінде екінші Тарапқа хабарлама жіберу мүмкін болмайтын жағдайларды қоспағанда, ол жоғарыда келісілген құқығын жоғалтады. Еңсерілмес күш жағдаяттарын құзыретті орган растауға тиіс.

4. Еңсерілмес күш жағдаяттары тоқтағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған тартылған Тарап екінші Тарапты еңсерілмес күш жағдаяттарының тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге тиіс және өз міндеттемелерін орындауды жалғастыруға

тиіс. Егер еңсерілмес күш жағдаяттары олар басталған күннен бастап 30 (отыз) күннен астамға созылса, тараптардың кез келгені екінші Тарапты бұл туралы 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар ете отырып, осы Келісімнің қолданысын тоқтатуға құқылы.

8. Кредитті мерзімінен бұрын өтеу

Қарыз алушының Кредитті мерзімінен бұрын өтеген күнге дейін есептелген сыйақыны төлей отырып, Кредитордың алдын ала келісімі бойынша Кредит сомасының барлық сомасын немесе оның бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеуге құқығы бар. Кредитті мерзімінен бұрын өтеген кезде Қарыз алушы болжамдалған өтеу күніне дейін кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Кредиторға осы туралы хабарлауға міндетті.

9. Дауларды шешу

1. Тараптар олардың арасында осы Келісімнің талаптарын орындау үдерісінде пайда болған барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешуге міндеттенеді.

2. Егер Тараптар келіссөздер басталғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде осы Келісім бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешуді талап етуі мүмкін.

3. Даулар мен келіспеушіліктердің болуы Тараптарды осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10. Құпиялылық

1. Тараптар осы Келісімнің және оған қосымша келісімдердің шарттарын, алынған қаржылық, коммерциялық және өзге ақпараттың қатаң құпиялылығын сақтауға, және олардың жариялануының алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға міндетті.

2. Жоғарыда көрсетілген ақпаратты үшінші тұлғаларға беруді, жариялауды немесе ақпаратты өзгеше түрде жариялауды бір Тарап осындай табыс ету талаптарын басқа Тараппен бірге алдын ала жазбаша келіскеннен кейін ғана жүзеге асырады.

3. Осы бапта көзделген құпиялылық туралы ереже:

1) осы Келісім бойынша талап ету құқықтар басқа біреуге берілген;

2) Кредитор осы Келісім бойынша Қарыз алушының берешегін өтеу және осыған байланысты өзге де банктерге (қаржылық, кредиттік ұйымдар мен мекемелерге) қажетті ақпаратты ұсыну үшін Қарыз алушының қолындағы барлық банктік шоттарынан ақшаны акцептісіз алып қойған;

3) Кредитор капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарында қарызға алуды жүзеге асыру мақсатында, оның ішінде рейтингілерді алу үшін үшінші тұлғаларға қажетті ақпаратты берген;

4) Кредитор Қазақстан Республикасы Парламентіне, уәкілетті мемлекеттік органдарға, Кредитордың акционеріне (акционерлеріне) берілген сұраныстар шеңберінде Кредит бойынша қажетті ақпаратты ұсынған жағдайларда қолданылмайды.

11. Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және осы Келісім бойынша өзінің барлық міндеттемелерін Тараптар толық орындағанға дейін қолданылады.

2. Осы Келісім Тараптар үшін әр тілде бір-бір данадан Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңдық күші бар бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей 3 (үш) данада жасалды.

3. Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың қосымша жазбаша келісімдерімен ресімделеді.

4. Тараптардың осы Келісімнің талаптары мен міндеттемелерін орындаудан бір жақты бас тартуына жол берілмейді.

5. Тараптардың біреуінің деректемелері өзгерген кезде соңғысы 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде осы туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлайды.

6. Кредитор Қарыз алушының өзі туралы мәліметтерді кредиттік бюроға беруге және кредиттік бюроның Кредиторға ол туралы кредиттік есепті, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындаумен байланысты ақпаратты ұсынуға келісімін алды.

12. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері және қолтаңбалары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 9 қазандағы
N 1553 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы,
"Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы мен "Қазақстанның
Даму Банкі" акционерлік қоғамы арасындағы Өңдеуші өнеркәсіп
саласындағы инвестициялық жобаларға кейіннен кредит беру
үшін "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамының

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына ұзақ мерзімді жеңілдікті кредит беруі туралы келісім

_____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында бұдан әрі "Қор" деп аталатын "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, және

_____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында бұдан әрі "Кредитор" деп аталатын "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы, және

_____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында бұдан әрі "Қарыз алушы" деп аталатын "Қазақстанның Даму банкі" акционерлік қоғамы, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал әрқайсысы жеке-жеке "Тарап" деп аталатындар,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы N 1085 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын назарға ала отырып, өңдеуші өнеркәсіп саласындағы инвестициялық жобаларға кейіннен кредит беру мақсатында қаражатты орналастыру туралы осы Келісімді (бұдан әрі - "Келісім") жасасты:

1. Пайдаланылатын терминдер

Берешек - төлем немесе ақшаны қайтару бойынша (осы Келісім бойынша қабылданған) _____ кез _____ келген _____ міндеттеме;

Кредит - осы Келісімнің талаптарына сәйкес Кредитордың Қарыз алушыға беретін ақша _____ сомасы;

Жұмыс күні - Банктерде Қазақстан Республикасында өз іс-әрекетін жүзеге асыру үшін (сенбі - жексенбі немесе ресми мерекелік күндерді қоспағанда) ашылған күн;

Еңсерілмес күш жағдаяттары - осы Келісім бойынша Тараптардың кез келген міндеттемелерін толық немесе жартылай орындау мүмкін емес жағдаяттар (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұларға шектелмей: су басу, жер сілкінісі, жарылыстар, дауылдар, індеттер, эпизоотиялар, дүлей өрттер, ереуілдер, соғыс, көтерілістер, мемлекеттік органдардың ресми актілері). Бұл ретте еңсерілмес күш жағдаяттарының болу сипаты, әрекет ету кезеңі, фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы _____ тиіс;

Кредитті нысаналы пайдалану - өңдеуші өнеркәсіптегі инвестициялық жобаларды іске асыратын Түпкі қарыз алушыларға және инвестициялық жобаларды одан әрі қаржыландыру, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіптегі инвестициялық жобаларды іске

асыратын түпкі қарыз алушыларды қаржыландыру көздерін ауыстыру мақсатында Қарыз алушы - "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "ҚДБ-Лизинг" АҚ) еншілес ұйымына кредит беру.

2. Келісімнің мәні

Келісімнің талаптарына сәйкес Кредитор заңнамаға және Қарыз алушының қызметін реттейтін өзге актілерге сәйкес Келісімнің 3-бөліміндегі 1-тармақтың 4-тармақшасында көрсетілген мақсаттарда пайдалану үшін қайтарымдылық, мерзімділік және төлемдік жағдайларда (бұдан әрі - Кредит) Қарыз алушыға ақша береді.

3. Кредиттің негізгі талаптары

Кредит мынадай талаптарда беріледі:

1)	Кредит сомасы	20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге;
2)	Кредит мерзімі	15 (он бес)жыл;
3)	Сыйақы ставкасы	Берілетін Кредит бойынша Қарыз алушы үшін сыйақы ставкасы жылдық 1 % (бір) пайыздан аспайды;
4)	Кредитті нысаналы тағайындау	1) Өңдеуші өнеркәсіптегі инвестициялық жобаларды іске асыратын Түпкі қарыз алушыларға кредит беру; 2) Қарыз алушы - "ҚДБ-Лизинг" АҚ еншілес ұйымын одан әрі қаржыландыру, оның ішінде қаржыландыру көздерін орналастыру мақсатында өңдеуші өнеркәсіптегі инвестициялық жобаларды іске асыратын Түпкі қарыз алушыларға кредит беру; 3) Қарыз алушымен бұдан бұрын мақұлданған және іске асырылған (қаржыландырылатын) өңдеуші өнеркәсіптегі инвестициялық жобалар бойынша қаржыландыру көздерін орналастыру;
5)	Кредит валютасы	Теңге;
6)	Негізгі борышты төлеу	Қарыз алушы Кредит бойынша негізгі борышты Кредит мерзімінің аяғында біржолғы төлеуді жүзеге асырады;
7)	Сыйақы төлеу	Қарыз алушы Кредитті игеру күнінен бастап 6 (алты) ай өткенде жартыжылдық төлемдермен Кредит бойынша сыйақыны төлеуді жүзеге асырады;
8)	Қамтамасыз ету	Кредитор Қарыз алушыға қамтамасыз етпестен Кредит береді;
9)	Төлемдерді қабылдау жүйелілігі	(1) тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімақылар); (2) Келісімді орындаумен байланысты және Қарыз алушының өтеуіне жатқызылған шығыстар сомасы, Кредитордың келтірген шығындар сомасы; (3) есептелген сыйақы; (4) Кредит бойынша негізгі борышты өтеу;
10)	Түпкі қарыз алушылар	Өңдеуші өнеркәсіптегі инвестициялық жобаларды іске асырушы заңды тұлғалар;
11)	Түпкі қарыз алушы үшін сыйақы ставкасы	Жылдық 8 % (сегіз) пайыздан аспайтын

2. Қарыз алушының Түпкі қарыз алушыларға, сондай-ақ "ҚДБ-Лизинг" АҚ еншілес ұйымына кредит беру талабы (сомасы, мерзімі, сыйақы ставкасы, қамтамасыз ету

құрылымы және т.б.) тиісті келісімдермен белгіленеді.

3. Өңдеуші өнеркәсіптегі инвестициялық жобаларды іске асыру (қаржыландыру) кезінде осы Келісімге сәйкес берілетін Кредит қаражаты есебінен қор жасау Түпкі қарыз алушының кредит сомасының жартысынан аспайтынын құрайды.

4. Кредит беру және қайтару тәртібі

1. Кредит беру 2009 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте ақшаны есепке алу Қарыз алушының корреспонденттік шотына тікелей аудару жолымен жүзеге асырылады.

2. Қарыз алушының Кредит бойынша негізгі борышты төлеу және Сыйақыны төлеу Келісім деректемелерінде көрсетілген Кредитордың ағымдағы шотына ақшаны аудару жолымен жүзеге асырылады. Егер Келісім шеңберінде кез келген соманы төлеу мерзімінің күні жұмыс емес күнге келсе, онда төлеу мерзімінің аяқталған күні деп келесі жұмыс күні саналады. Бұл ретте жұмыс күні деп банктерде өз қызметін жүзеге асыру үшін ашылған сенбі және жексенбі немесе ресми мерекелік күнді қоспағандағы күн есептеледі.

3. Кредит Қарыз алушының Кредит бойынша негізгі борышты қайтару, Келісімде көзделген сыйақы, тұрақсыздық айыптары (өсімақылар, айыппұлдар) және өзге де төлемдерді төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде өтелген болып саналады.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Қордың:

- 1) осы Келісім шеңберінде Тараптардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;
- 2) заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар

2. Қор:

- 1) осы Келісімді іске асыру үшін қажетті жағдайлардың жасалуын қамтамасыз етуге ;
- 2) осы Келісім шеңберінде тараптардың іс-қимылдарына үйлестірілуін жүзеге асыруға міндеттенеді.

3. Кредитордың мыналарға құқығы бар:

- 1) Қарыз алушыдан Кредитті игергені, нысаналы пайдаланғаны, қызмет көрсеткені және қайтарымы туралы ақпаратты сұратуға және алуға, сондай-ақ қажетті тексерулерді жүзеге асыру ;

2) Қарыз алушы Кредит бойынша негізгі борыштың қайтарылуы және сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда Келісімге сәйкес келтірілген күннен 5 (бес) жұмыс күні өткеннен кейін қайтарым бойынша, сондай-ақ Қарыз алушының Кредитті нысаналы пайдалану бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда (осындай

бұзу табылған күннен бастап кез келген уақытта) төлем жүзеге асырылуы тиіс:

Қарыз алушыдан Келісімде көзделген сыйақыны есептей, тұрақсыздық айыптарын төлей және келтірілген шығындар мен өзге де төлемдерді өтей отырып Кредитті Қарыз алушының алған барлық сомасын мерзімінен бұрын өтеуді талап ету;

төлемдік талап-тапсырмаларды (шарттың нотариалдық куәландырылған көшірмелерінің қосымшасымен) немесе акцептісіз және/немесе даусыз ақшаны алып қоюды жүзеге асыру үшін қажетті акцептісіз тәртіппен орындалатын Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде кез келген банктерде (қаржылық, кредиттік ұйымдар мен мекемелерде) ашылған Қарыз алушының банктік шотына көрсету жолымен Қарыз алушының мерзімі өткен берешегінің барлық сомасын кез келген валютада акцептісіз және даусыз тәртіппен өндіріп алу. Қарыз алушының банктік шотында ақша жеткілікті болған кезде Кредитордың төлемдік құжаты онда көрсетілген ақша сомасында орындалуы, ал ақша жеткіліксіз болған жағдайда Кредитордың төлемдік құжатында көрсетілген ақшаның барлық сомасын алу үшін Қарыз алушының банктік шотына қатысты картотекада сақталуы тиіс. Өзге валютадағы (Кредит валютасынан басқа) ақшаны акцептісіз алып қойған жағдайда Кредит валютасына алынған ақшаны айырбастау Қарыз алушының есебінен жүргізіледі;

Кредитті нысаналы пайдаланбағаны үшін (нысаналы пайдаланбағаны анықталған кезде) Келісімде көзделген айыппұлды төлеуді талап ету;

Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген басқа іс-әрекеттерді алдын ала қабылдау.

4 . К р е д и т о р :

1) Келісімнің талаптарына сай қолданыстағы заңнама мен Тараптардың ішкі құжаттарына және Келісімнің 3-бөлімінің 1-тармағына сәйкес Қарыз алушы ұсынған ақпаратта мазмұндалғандарға сәйкес Қарыз алушы банктік және коммерциялық құпияға жатқызылған мәліметтердің құпиялылығын сақтауға;

2) Қарыз алушының шотына Кредит аударуды 2009 жылғы 31 желтоқсанға дейін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5. Қарыз алушының мыналарға құқығы бар:

1) Кредитордан Келісімнің талаптарын толық, тиянақты және уақтылы орындау үшін қажетті ақпаратты сұрату;

2) Кредитті 2009 жылғы 31 желтоқсанға дейін алу;

3) Кредиттің пайдаланылмаған бөлігін қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның талаптарына жауап беретін қаржылық құралдардағы капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарында о р н а л а с т ы р у ;

4) Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыру.

6. Қарыз алушы міндеттенеді:

1) Келісімге сәйкес Кредитордың алдында міндеттемелерді орындауды жүзеге асыруға ;

2) Келісімде белгіленген мерзімдерде және толық көлемде Кредитті өтеуге және сыйақыны төлеуге ;

3) Келісімнің 5-бөліміндегі 3-тармақтың 2-тармақшасында көзделген жағдайда Кредиттің және есептелген сыйақы сомасын Кредитті қайтарып алу туралы хабарламаны Кредиторға жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтаруға ;

4) нысаналы тексерулер жүргізу үшін қызметтік және басқа үй-жайларға Кредитордың өкілдерін жіберуге және осындай тексерулер барысында жан-жақты жәрдем көрсетуге ;

5) Кредитордың жазбаша келісімінсіз Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үшінші тұлғаларға Келісім бойынша өз құқықтары мен міндеттерін бермеуге және жол бермеуге ;

6) Кредитор көрсеткен мерзімде Келісімнің 5-бөліміндегі 3-тармақтың 1-тармақшасына сәйкес оларға талап етілетін ақпаратты Кредиторға ұсынуға ;

7) Кредитті оның нысаналы тағайындалуы бойынша пайдалануға ;

8) Келісімге қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кредиторға Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде барлық банктерде (қаржылық, кредиттік ұйымдар мен мекемелерде) Қарыз алушының барлық банктік шоттарының тізбесін, сондай-ақ олардың алдында Қарыз алушының берешегінің болуы және мөлшері туралы мәліметті ұсынуға ;

9) Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде банктерде (қаржылық, кредиттік ұйымдар мен мекемелерде) жаңа банктік шотты ашқан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кредиторға банктік шотты ашқан банктің (қаржылық, кредиттік ұйым және мекеменің) атауы, шот нөмірі, БСК, шот валютасы туралы жазбаша мәлімет беруге ;

10) Қарыз алушы Келісім бойынша өз міндеттемелерін бұзушылық нәтижесінде Кредиторға келтірілген іс жүзінде ұшыраған және деректі расталған шығындарды орнына келтіруге ;

11) осы Келісіммен Қарыз алушы өз келісімін білдіреді және Кредиторға осы Келісімде көзделген жағдайларда Кредит бойынша берешекті, ол бойынша сыйақыны өтеу үшін Қарыз алушының барлық шоттарынан ақшаны даусыз, акцептісіз алу құқығын береді.

6. Тараптардың жауапкершілігі

1. Қарыз алушы Келісімде белгіленген жағдайларға және мерзімдерге сәйкес Кредит сомасы мен есептелген сыйақыны қайтару бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Кредитор Қарыз алушыдан мерзімін өткізіп алған әр күні үшін мерзімі өткен

берешек сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) пайыз, бірақ Кредит бойынша мерзімі өткен берешек сомасынан 3 % (үш) пайыздан аспайтын мөлшерде өсімақыны Кредиторға төлеуді талап етуге құқылы.

2. Кредитті нысаналы пайдалануды бұзған жағдайда Кредитор Қарыз алушыдан мақсаты бойынша пайдаланылмаған Кредиттің (оның бөлігінің) сомасын қайтаруды және мақсаты бойынша пайдаланылмаған сомадан 3 % (үш) пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуді талап етуге құқылы.

3. Келісімнің өзге де талаптарын орындамаған немесе тиісті емес орындаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4. Келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті емес орындаған жағдайда тұрақсыздық айыбын (өсімақы, айыппұлды) төлеу және шығындарды өтеу Қарыз алушыны бұзылған міндеттемені тиісті түрде орындау міндетінен босатпайды.

7. Форс-мажор

1. Тараптар заңнамаға сәйкес егер орындамау Келісімнің 7-бөлімінің 4, 5-тармақтарына сай осы жағдаяттардың қолданылу кезеңінде Тараптар не болжай алуы, не ақылға қонымды шаралармен сақтай алуы мүмкін емес төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде Келісімді жасасқаннан кейін пайда болған еңсерілмес күш жағдаяттары салдарынан болып табылса, Келісім бойынша міндеттемелерді жартылай немесе толық орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады.

2. Еңсерілмес күш жағдаяттары пайда болған жағдайда Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдаяттар мен олардың зардаптары қолданылатын уақытқа мөлшерлей отырып жылжытып қойылады.

3. Еңсерілмес күш жағдаяттарына Тарап әсерін тигізе алмайтын және олардың пайда болғаны үшін жауапты болмайтын оқиғалар жатады.

4. Осындай жағдаяттарға сілтеуші Тарап 10 (он) күн ішінде басқа Тараптарға сол сияқты жағдаяттардың болғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Осындай жағдаяттардың болуымен бірге басқа Тараптың сұрауы бойынша құзыретті орган берген куәландырушы құжатты ұсынуы тиіс.

5. Тарап 3 (үш) күн ішінде, бұл ретте Келісім бойынша міндеттемені орындау болжанған мерзімді көрсете отырып, ұқсас жағдаяттардың қолданылуын тоқтату туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

8. Кредитті мерзімінен бұрын өтеу

Қарыз алушы сыйақы Кредитін мерзімінен бұрын өтеген күнге дейін есептелген төлеммен бірге Кредитордың келісімі бойынша Кредит сомасының барлық немесе бір

бөлігін мерзімінен бұрын өтеу құқығына ие болады. Кредитті мерзімінен бұрын өтеген кезде Қарыз алушы болжамдалған өтеу күніне дейін кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Кредиторға осы туралы хабарлауға міндетті.

9. Дауларды шешу

1. Тараптар олардың арасында Келісім талаптарын орындау үдерісінде пайда болған барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешуге міндеттенеді.

2. Егер Тараптар келіссөздер басталғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Келісім бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешуді талап етуі мүмкін.

3. Даулар мен келіспеушіліктердің болуы Тараптарды Келісім бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10. Құпиялылық

1. Тараптар Келісім және оған қатысты қаржылық, коммерциялық және өзге ақпаратты алған және оны жариялаудың алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдаған қосымша келісімдер талаптарының қатаң құпиялылығын сақтауға міндетті.

2. Жоғарыда көрсетілген ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе ақпаратты өзгеше түрде жариялау осындай табыс ету талаптарын басқа Тараппен бірге алдын ала жазбаша келіскеннен кейін ғана бір Тараппен жүзеге асырылады.

3. Осы бапта көзделген құпиялылық (және заңнамаға сәйкес банктік құпия) туралы е р е ж е м ы н а :

1) Келісім бойынша талап ету құқығы қайта жол берген;

2) Кредитор Келісім бойынша Қарыз алушының берешегін өтеу және осыған байланысты өзге де банктерге (қаржылық, кредиттік ұйымдар мен мекемелерге) қажетті ақпаратты ұсыну үшін Қарыз алушының қолындағы барлық банктік шоттарынан ақшаны акцептісіз алып қойған;

3) Кредитор капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарында қарызға алуды жүзеге асыру мақсатында, оның ішінде рейтингілерді алу үшін үшінші тұлғаларға қажетті а қ п а р а т т ы б е р г е н ;

4) Кредитор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға берілген сұраныстар шеңберінде Кредит бойынша қажетті ақпаратты ұсынған жағдайларда таратылмайды.

11. Ерекше жағдайлар

Өзара танылған қажеттілік болған кезде Тараптар өздерінің уәкілетті органдарының шешімдеріне сәйкес Кредит мерзімін ұзарту туралы мәселені қарауға құқылы. Қарыз

алушы ұзартудың қажеттілігі туралы Кредиторға Кредит мерзімі аяқталғанға дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

12. Қорытынды ережелер

1. Келісім оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Келісім бойынша өзінің барлық міндеттемелерін Тараптар толық орындағанға дейін қ о л д а н ы л а д ы .

2. Келісім Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан, тең заңдық күші бар, орыс тілінде бірдей 3 (үш) данада жасалды.

3. Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың қосымша жазбаша келісімдерімен ресімделеді.

4. Тараптар Келісімнің талаптары мен міндеттемелерін орындаудан бір жақты бас тартуына ж о л берілмейді.

5. Тараптардың біреуінің деректемелері өзгерген кезде соңғы 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлайды.

Тараптардың мекенжайлары, деректемелері және қолдары

Кредитор:	Қарыз алушы:	Қор:
"Стресті активтер қоры" АҚ	"Қазақстанның Даму Банкі" АҚ қоры" АҚ	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат